

ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

БАКАЛАВРИАТ

КЛИНИКАЛЫҚ МЕДИЦИНАҒА КІРІСПЕ

5B110400 – «Медициналық-профилактикалық іс» мамандығы

Сағат көлемі – 135 (3 кредит)

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Астана 2011

АЛҒЫ СӨЗ

1. **ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ҰСЫНҒАН** «Медицина білімі мен ғылымының инновациялық технологиялар Республикалық орталығы», С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті, «Астана Медициналық университеті» АҚ, Қарағанды мемлекеттік медицина университеті, М.Оспанов атындағы Батыс-Қазақстан мемлекеттік медицина университеті, Семей қаласының Мемлекеттік медициналық университеті, Оңтүстік-Қазақстан мемлекеттік фармацевтикалық академиясы.
2. **АЛҒАШ РЕТ** енгізілген
3. **Үлгілік оқу бағдарламасы** 5В110400 - «Медициналық-профилактикалық іс» мамандығы бойынша ҚР 2009 жылғы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген
4. **Үлгілік оқу бағдарламасы** Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 26 қазандағы №734 бұйрығымен бекітілген.

МАЗМҰНЫ

1. Түсініктеме	4
2. Пән бойынша сағаттың бөлінуі.....	6
3. Пәннің мазмұны және сабақтардың тақырыптық жоспарының үлгілері	6
4. Оқу және оқыту әдістері.....	18
5. Студенттердің білімін бағалау.....	19
6. Құрал-жабдықтар.....	19
7. Ұсынылатын әдебиеттердің тізімі.....	20

Бұл үлгілік оқу бағдарламасын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

1 ТҮСІНІКТЕМЕ

Ұйымдастырушылардың қазіргі таңдағы міндетіне бірінші кезекте денсаулық сақтауды іске асырудың менеджмент пен маркетинг саласын қоямыз. Болашақ мамандар клиникалық қызметпен айналыспайды десек те болады, бірақ клиникалық медицинаның негізгі білімін меңгермей халыққа медициналық көмек көрсету процесін ұйымдастыру мен басқару мүмкін емес. Сондықтан осы бағыт бойынша мамандарды дайындау кезінде емделушілерді тексерудің жалпы принциптері, ішкі ағзалардың кең тараған ауруларының клиникалық-зертханалық айқындалуы және оларды емдеу принциптері туралы негізгі білімді алуы қажет. Студенттерді адамның өміріне қауіп төнген жағдайда шұғыл көмек көрсетуге үйрету керек, себебі денсаулық сақтауды ұйымдастырушылар өзінің кәсіби қызметінде мұндай оқиғаларға тап болуы мүмкін.

«Медициналық-профилактикалық іс» мамандығында оқитын студенттерге «Клиникалық медицинаға кіріспе» пәнін оқыту қажетті білімді алуға және болашақта денсаулық сақтауды ұйымдастыру мәселелерінде қолдануға мүмкіндік жасайды. Емделушінің медициналық мәселелерін шешуге, шұғыл жағдайда алғашқы медициналық жәрдем көрсетуге көмектеседі.

Пәннің мақсаты: студенттерге науқастарды физикальды тексеру әдісін, ең көп таралған ішкі ағза ауруларының негізгі клиникалық көріністерін, олардың зертханалық-аспаптық диагностикалық әдістерін, өмірге қауіп төнген жағдайда алғашқы және дәрігерге қаралғанға дейінгі шұғыл көмек көрсету принциптерін оқыту.

Пәннің міндеттері:

- науқастарды тексеру әдісіне үйрету (сұрастыру, тексеру, пальпация, перкуссия, аускультация);
- ішкі ағзалардың негізгі ауруларының типті ағымында симптомдар мен синдромдарды анықтауға үйрету;
- зертханалық-аспаптық диагностиканың қазіргі әдістерін үйрету;
- ішкі ағзалардың кең таралған ауруларын диагностикалау әдісі мен емдеу принциптерін үйрету;
- деонтология және кәсіби этика негізін үйрету.

Білім берудің түпкілікті нәтижелері (компетенциялары)

Студент тиісті	компетенциялар
білуге	кәсіби дәрігерлік қызметтің деонтологиялық негіздерін;
	қалыпты және патология жағдайында зерттеудің физикальды әдісі туралы мәліметтерді;
	ішкі ағзалардың кең таралған ауруларының симптоматологиясы мен синдромын;
	зерттеудің негізгі лабораториялық және аспаптық әдістерін, оларды түсіндіруді;
	ішкі ағзалардың кең таралған ауруларын диагностикалау әдісі мен емдеу принциптерін;
	кейбір шұғыл жағдайда дәрігерге қаралғанға дейінгі көмек көрсетудің симптоматологиясы мен принциптерін
үйреніп алуға	физикалық зерттеу әдістерін қолдану арқылы науқасқа тексеру жүргізуді (сұрастыру, тексеру, пальпация, перкуссия, аускультация);
	ішкі ағзалардың кең таралған аурулары кезінде симптомдар мен синдромдарды анықтауды;
	зерттеудің зертханалық-аспаптық әдістерінің нәтижесін түсіндіруді;
	ішкі ағзалардың кең таралған аурулары кезінде ықтимал диагнозды негіздеуді;
	шұғыл жағдайда (бронх демікпесі ұстамасында, сол жақ қарыншаның жіті жеткіліксіздігінде, гипертониялық криз, қыспалық статус, анафилактикалық шок, аяқ астынан өлу, Квинке ісінуі, есекжем) диагнозды анықтау мен көмек көрсетуді
машықтануға	науқасты жалпы тексеруге;
	пальпация, перкуссия, аускультация жасауға;
	шұғыл жағдайда дәрігерге қаралғанға дейінгі көмек көрсетуді (бронх демікпесі ұстамасы, сол жақ қарыншаның жіті жеткіліксіздігі, гипертониялық криз, қыспалық статус, анафилактикалық шок, аяқ астынан өлу, Квинке ісінуі, есекжем)

Пререквизиттер және постреквизиттер

Пререквизиттер: медициналық биология, генетика, радиобиология, биохимия, анатомия, физиология, гистология, патологиялық физиология, патологиялық анатомия, фармакология, микробиология.

Постреквизиттер: эпидемиология дезинфекциялық іс негіздерімен.

2 ПӘН БОЙЫНША САҒАТТЫҢ БӨЛІНУІ

Сағаттың жалпы Саны	Аудиториялық сағаттар			СӨЖ
	Дәрістер	Практикалық сабақтар	ОСӨЖ	
3 кредит - 135	15	30	45	45
№ 1 кредит - 45	5	10	15	15
№ 2 кредит - 45	5	10	15	15
№ 3 кредит - 45	5	10	15	15

3 Пәннің мазмұны* және сабақтардың тақырыптық жоспарының үлгілері**

№1 кредит

Науқасты клиникалық зерттеу әдістері

Клиникалық медицинаға кіріспе. Клиникаға кіріспе пәні оқыту міндеттері. Науқасты клиникалық зерттеу тарихының пайда болуы. М.Я. Мудров, Г.А. Захарьин, С.П. Боткин, А.А. Остроумов, В.П. Образцов: олардың медициналық клиникалық ғылымның дамуына қосқан үлестері. Қазақстандағы терапиялық мектептер және олардың клиникалық зерттеулердің дамуына қосқан үлесі. Дәрігерлік этика және медициналық деонтология. Ішкі аурулар пропедевтикасы туралы түсінік. Семиотика және симптоматология. Диагносттың әдістемесі. Диагносттардың түрлері. Науқастың ауру тарихының сызбанұсқасы.

Науқасты тексерудің негізгі әдістері. Сырқатнаманың сызбанұсқасы. Сырқатнаманың ғылыми-медициналық және заңды құжат ретіндегі маңызы. Сұрастыру және оның маңызы. Сұрастыру сызбанұсқасы: паспорт мәліметтері, науқастың шағымы, қазіргі дертінің тарихы, науқастың өмірбаяны. Науқастың шағымдары: негізгі және қосымша. Негізгі шағымды нақтылау. Науқастың өмірбаяны, қысқаша жалпы биографиялық мәліметтер, жанұя, еңбек, тұрмыстық анамнез, теріс қылықтар, бұрын ауырған аурулары, аллергологиялық анамнез. Тұқым қуалаушылық. Туберкулезбен және венерологиялық аурумен ауыратын науқастармен байланыс.

Жалпы тексеру. Науқастың жалпы жағдайы. Есі (айқын, сопор, ступор, кома, команың түрлері). Науқастың жағдайы (белсенді, пассивті, мәжбүрлі). Дене бітімі. Конституция және конституция (дене бітімі) типтері туралы түсінік.

Тері және сілемейлі қабықтар. Бозғылт. Көкшіл. Сарғыш. Жер түстес. Пигментация және депигментация. Терінің құрғақтығы мен ылғалдылығы. Тыртықтар, бөрту, геморрагия. трофикалық жаралар, жауыржара. Тері тургоры.

Теріасты-май талшығы. Оның дамуы (әлсіз, орташа, тым қатты). Май көп жиналған орындар. Кахексия. Ісінулер мен пастоздық, орналасуы, жайылу (жалпы және жергілікті).

Лимфа түйіндері. Оларды зерттеу әдістері. Көлемін, консистенциясын, ауырғыштығын, жылжымалылығын, өзара және қоршаған тіндермен бітісуін анықтау.

Бұлшықеттер. Олардың даму дәрежесі, тонус, бұлшықет күші. Бұлшықет атрофиясы (жалпы және жергілікті).

Сүйектер: түрі, деформацияның болуы, сипағандағы және жараланғандағы ауырғыштығы. Сүйек сынулары туралы түсінік.

Буындар. Конфигурацияның өзгеруі. Ісіңкілік, қозғалған кездегі ауырғыштығы, сықырлау. Актив және пассив қимылдың көлемі.

Антропометриялық өлшеулер. Бой. Салмақ. өлшеу техникасы. Антропометриялық өлшеудің маңызы. Дене температурасы.

Тыныс алу ағзалары жүйесін зерттеу әдістері

Негізгі шағымдар және олардың туындау механизмі. Құрғақ немесе қақырықты, әлсіз не үдемелі, тұрақты не ұстамалы жөтел, пайда болу уақыты; пайда болу шарты мен жөтелді тоқтату. Қақырық, пайда болған уақыты, сипаты, түсі, мөлшері, консистенциясы, исі, құрамында қанның болуы.. қақырық бөлінудің науқастың жағдайына тәуелділігі. Қан түкіру, өкпеден қан кету; мұрын-жұтқыншақтық, өңештік, асқазандық қан кетуден айырмашылығы. Көкіректің ауырсынуы - үдемелілігі, сипаты, иррадиация, тыныс алумен және жөтелмен байланысы. Демігу сипаты, пайда болған уақыты, ұзақтығы. Демікпенің түрлері.

Көкіректі тексеру. Көкіректің формасы: нормостеникалық, гиперстеникалық, астеникалық. Көкіректің патологиялық формалары. Бұғана үстілік және бұғана астылық шұңқырдың айқындылығы, жауырын мен бұғананың орналасуы. Көкіректің симметриялылығы (жергілікті бұлтиған не төмен түсіп кеткен, бір жартысы үлкейген не кішірейген). Омыртқаның қисаюы: лордоз, кифоз, сколиоз, кифосколиоз. Көкіректің шеңберін анықтау, демді ішке алғанда және дем шығарғандағы экскурсия. Тыныс алу түрі: кеуделік, ішперделік, аралас. Тыныс алу қимылының симметриялылығы, тыныс алғанда қосалқы бұлшықеттердің қатысуы. Бір минуттағы тыныстың саны, тыныстың ырғағы мен тереңдігі. Тыныстың тереңдігі мен ырғағының бұзылуы: терең - Куссмауль, мезгіл-мезгіл – Чейн-Стокс пен Биот, ендікпенің объективті белгілері. Диагностикалық маңызы.

Пальпация. Көкіректі пальпациялау әдісі. Ауырсындыратын аймақтың пайда болуы. Көкіректің резистенттілігін анықтау. Дауыстық тербелісті анықтау. Диагностикалық маңызы.

Перкуссия. Зерттеу әдісі ретіндегі перкуссия туралы қысқаша тарихи мәлімет. Перкуссияның физикалық негіздері. Салыстырмалы перкуссия, оның тәртібі. Қалыпты және патология (айқын өкпелік, тимпаниттік, қораптық,

мұқалған, доғал). Диагностикалық маңызы. Топографиялық перкуссия. Көкіректің топографиялық сызығы. Өкпенің үстіңгі шегін анықтау: ұшарбасының алдынан және артқы жағынан қарағандағы биіктігі. Өкпенің төменгі шегін және төменгі шегінің қозғалғыштығын анықтау. Диагностикалық маңызы.

Аускультация. Зерттеу әдісі ретіндегі аускультацияның дамуы туралы қысқаша мәлімет. Аускультация әдісінің физикалық негіздері. Аускультация техникасы мен тәртібі. Тікелей және орташа аускультация. Негізгі және жанама (патологиялық) тыныстық шуылдар, пайда болу механизмі мен диагностикалық маңызы. Патологиядағы везикулалық дем үнінің өзгеруі. Бронхылық дем үні, оның түрлері. Диагностикалық маңызы. Сырылдар, пайда болу механизмі. Құрғақ сырылдар – төмен тембрлі, жоғары тембрлі. Ылғалды сырылдар: ұсақ көпіршікті, орта көпіршікті, ірі көпіршікті; үнді және үнсіз; сырылдардың таралуы мен орналасуы.

Тыныс алу ағзаларын зертханалық және аспаптық зерттеу әдістері. Қақырықты тексерудің зертханалық әдістері, көріп тексеру әдісімен плевра суын, боялған және табиғи препараттарды микроскопия, бактериоскопиямен тексеру. Зерттеудің аспаптық әдісінің диагностикалық маңызы: рентгеноскопия, өкпе рентгенографиясы, томография, компьютерлі томография, бронхоскопия. Сыртқы тыныс функциясын тексеру: спирография, пикфлоуметрия. Тыныстық жеткіліксіздік диагностикасында тыныс алу ағзаларын функциялық тексерудің маңызы.

Негізгі клиникалық синдромдар (себептері, симптомдар, олардың механизмі, диагностика әдістері).

1. Бронхтық өткізгіштіктің бұзылу синдромы.
2. Өкпе тінінің тығыздалу синдромы.
3. Плевра қуысында ауа мен сұйықтықтың жиналу синдромы.

Жүрек-қантамыр жүйесін тексеру әдістері

Негізгі шағымдар және олардың қалыптасу механизмі. Жүрек маңының ауырсынуы, еңтікпе, тұншығу (жүрек астмасы), жүрек соғуы, жүректің шалыс соғуы, бастың ауыруы, бас айналу, ісінулер.

Жалпы тексеру. Науқастың жағдайы, терінің түсі: цианоз, бозғылт, цианозды қызғылт рең. Ісінулер, олардың туындау механизмі, орналасуы, таралуы, айқындылық дәрежесі. Анасарка. Бұл өзгерістердің диагностикалық маңызы. Шеткі тамырларды тексеру. Жүрек аймағын тексеру: жүрек дөңесі, жүректік және ұшарбасылық соққы. Құрсақүстілік тамырдың соғуы. Диагностикалық маңызы.

Пальпация. Ұшарбысылық соққыны пальпациялау және оның қасиетінің сипаты. Жүрек соғуын пальпациялау. Систолалық және диастолалық дірілді анықтау. Диагностикалық маңызы.

Перкуссия. Жүректің, тамырлы буданың шартты доғал шегін анықтау әдісі. Диагностикалық маңызы.

Аускультация. Жүрек аускультациясы техникасы мен әдісі. Науқастың түрлі жағдайында, тыныс алудың түрлі фазасында, тыныштықта және дене еңбегі кезінде аускультация жасау. Тікелей және жанама аускультация. Жүрек аускультациясының нүктелері және көкірек қақпақшаларын шынайы проекциялау. Жүрек дыбысы, олардың туындау механизмі. Негізгі дыбыстар (I және II) жүрек шуылы. Пайда болу механизмі. Шуылды жіктеу. Систолалық және диастолалық шуылдар, олардың сипаты. Функциялық шуылдың органикалық шуылдан айырмашылығы. Перикард үйкелісінің шуылы, плевроперикардит шуылы. Диагностикалық маңызы. Тамырларды аускультациялау. Тамырларды тексеру. Шеткі тамырларды тексеру. Самай, ұйқы, сәулелік, тізе астыартерияларын және аяқтың сыртқы артерияларын пальпациялау. Артериялық қысымды анықтау. Техникасы мен әдісі. Систолалық, диастолалық, орташа АҚ және тамыр соғу артериялық қысымы. Артериялық гипертензия және гипотензия туралы түсінік.

Жүрек-қантамыр жүйесін тексерудің зертханалық және аспаптық әдістері

Миокардтың жіті зақымдануының биохимиялық маркері. Жалпы нәруызды және нәруыздық фракцияны, С-реактивті нәруызды, серомукоидті, антистрептокиназды анықтаудың диагностикалық маңызы. Холестерин мен липопропротеиндерді анықтаудың маңызы.

Электрокардиография. Электрокардиография техникасы. Электрокардиограмманы 12-жалғамда (стандарт, кеуделік, бірполюсті) тіркеу. Қалыпты электрокардиография. ЭКГ талдау.

Эхокардиография. Әдіс туралы жалпы түсінік. Бұл зерттеуді тағайындауға арналған көрсеткіштер. Диагностикалық маңызы.

Қанайналым ағзалары ауруларының негізгі клиникалық синдромдары (себептері, симптомдары, олардың механизмі, диагностикалау әдісі)

1. Артериялық гипертензия синдромы (эссенциалды және симптомды).
2. Коронарлық жеткіліксіздік синдромы (жіті және созылмалы).
3. Жүрек функциясы жеткіліксіздігі синдромы (жіті және созылмалы).

№1 кредит сабақтарының тақырыптық жоспарының үлгілері

Дәрістердің тақырыптық жоспарының үлгісі (академиялық сағаттың ұзақтығы – 50 минут)

№	Тақырыптары
1	Клиникалық медицинаға кіріспе. Ішкі ағза аурулары туралы жалпы түсінік және ішкі медицинаның міндеттері. Дәрігерлік деонтология негіздері.
2	Науқастарды жалпы тексерудің принциптері: санасын, жағдайын, тері және теріасты май талшықтарын, сүйек-буын жүйесін бағалау.

3	Тыныс алу ағзалары зақымдануының семиотикасы мен зерттеу әдістері.
4	Жүрек-қантамыр жүйесі зақымдануының семиотикасы және зерттеу әдістері.
5	ЖҚЖ ауруларын тексеруде қолданылатын аспаптық және зертханалық әдістердің маңызы.
	Жалпы сағаты: 5

Практикалық сабақтардың тақырыптық жоспарының үлгісі

№	Тақырыптары
1	Пропедевтикалық клиниканың міндеттері. Ауру тарихының сызбанұсқасы. Науқастарды сұрастыру. Жалпы тексеру.
2	Тыныс алу ағзалары аурулары кезіндегі тексеру әдістері: сұрастыру, кеудені тексеру және пальпациялау, өкпе перкуссиясы мен аускультациясы.
3	Тыныс алу ағзалары аурулары кезіндегі синдромдар: өкпе тінінің тығыздалуы, бронхтық өткізгіштіктің бұзылуы, плевра қуысында сұйықтық пен ауаның болуы.
4	Қанайналым ағзалары ауруларын зерттеу әдістері (сұрастыру, ірі қантамырлар мен жүрек аймағын тексеру, пальпация, перкуссия, аускультация).
5	Қанайналым ағзалары аурулары кезіндегі синдромдар: коронарлық жеткіліксіздік, артериялық гипертония, жүрек функциясының жеткіліксіздігі. Шұғыл жәрдем.
	Жалпы сағаты: 10

Оқытушының жетекшілігімен студенттердің өзіндік жұмыстары (ОСӨЖ) тақырыптық жоспарының үлгісі

№	Тақырыптары
1.	Науқасты жалпы тексеру.
2.	Өкпе аускультациясы: қосымша тыныстық шуылдар.
3.	Өкпе аурулары кезінде рентгендік және эндоскопиялық тексеру әдісінің диагностикалық маңызы.
4.	Жүрек перкуссиясы мен пальпациясының диагностикалық маңызы. Пульсті тексеру, қан қысымы мен веналық қысымды анықтау.
5.	Жүрек аускультациясы: жүрек шуылы.
	Аралық бақылау
	Жалпы сағаты: 15

Студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ) тақырыптарының үлгісі

№	Тақырыптары
---	-------------

1	Сүйек-буын жүйесін бағалау.
2	Сыртқы тыныс алу функциясын зерттеудің аспаптық әдістері. Пикфлоуметрияның маңызы.
3	Электрокардиограмма. Диагностикалық маңызы.
4	Эхокардиография. Диагностикалық маңызы.
5	Жүрек аурулары кезінде функциялық-жүктеме сынамасы туралы түсінік.
	Жалпы сағаты: 15

№ 2 КРЕДИТ

Асқорыту ағзалары жүйесін зерттеу әдістері

Негізгі шағымдар және олардың пайда болу механизмі. асқазан-ішек жолы аурулары кезіндегі ауырсындыру синдромы. Ауырудың иррадиациясы, орналасуы, сипаты, ауырудың ас ішуге тәуелділігі. Қарқындылығы, ұзақтығы, пайда болған уақыты, ауыруды басуға көмектесетін дәрілер. Диспепсиялық бұзылыстар: жүрек алу, құсу, кекіру, қыжыл, іштің кебуі. Бұл симптомдарды нақтылау, айқындалу дәрежесі, тамақ ішумен, оның сапасы мен санымен байланысы, бұл белгілердің жеңілдеуіне көмектесетін дәрі-дәрмектер. Диагностикалық маңызы. Тәбет: жақсы, нашар, көтеріңкі, мүлде жоқ. Дәмді бұрмалау. Тамақтан жеркену (ет, май). Жүдеу. Диагностикалық маңызы. Нәжіс: тәулік бойғы жиілігі, түсі, формасы, консистенциясы, мөлшері, исі, қорытылмаған тамақ бөлшектерінің, қан қоспасының, сілемейдің болуы. Іш өту, іш кату, туындау себептері. Диагностикалық маңызы.

Тексеру. Ауыз қуысын, аңқа, бадамша, сілемейлі ауыз қуысын тексеру. Тіл: тілдің ауыз қуысында орналасуы, ісінудің болуы, ылғалдылығы, бүртікті қабатының айқындылығы мен сипаты, өңездің, сызаттың, жараның болуы. Тістің жағдайы. Қызыл иек. Жұмсақ және қатты таңдайдың жағдайы. Тамырлы жұлдызшалардың, ксантелазма, бауырлық алақанның, геморрагияның, сарғаюдың болуы. Науқасты көлденең жатқызып, тік тұрғызып ішін тексеру. Іштің топографиялық аймақтарға бөлінуі. Іштің алдыңғы қабырғасына ішперде қуысы ағзаларын проекциялау. Іштің пішіні. Оның көлемі (метеоризм, семіздік, асцит), тыныс алуға қатысуы, ассиметрия, ішперденің алдыңғы қабырғасында веналық коллатеральдардың дамуы. Асқазан мен ішектің байқалатын перистальтикасы мен антиперистальтикасы.

Іш маңын кіндік деңгейінде өлшеу, диагностикалық маңызы.

Іш перкуссиясы. Перкуссиялық дыбыстың сипаты: тимпанит, перкуссиялық-тимпанит, доғал. Перкуссия және флюктуация әдісімен ішперде қуысындағы артық және қалталанған сұйықтықты анықтау. Курлов бойынша бауыр мен көкбауырға перкуссия жасау.

Пальпация. Іштің сыртын жобалап пальпациялау әдісі. Ішперде бұлшықетінің қатаюы мен ауырғыштығын анықтау (бұлшықеттік аяншақтану), жарықтарды анықтау және іштің тіке бұлшықеттерінің ашылуы. В.П.Образцов пен Н.Д.Стражеско әдісі бойынша ішті терең сырғымалы пальпациялау.

Пальпацияның бір ізділігі: сигма тәрізді ішек, бүйен, көлденең тоқішек, жуан ішектің жоғарғы және төменгі бөліктері. Пальпация мәліметтері: орналасуы, қозғалғыштығы, ауырғыштығы, консистенциясы, көлемі, сыртының сипаты, іштің шұрылдауы. Диагностикалық маңызы. Бауыр мен көкбауыр пальпациясы.

Аускультация. Асқазан мен ішектің перистальтикасын тыңдау.

Асқорыту ағзаларын тексерудің зертханалық және аспаптық әдістері

Асқазанды рН-метрикалық тексеру және *Helicobacter Pylori* зерттеудің әдістері туралы түсінік. Копрологиялық зерттеу. Диагностикалық маңызы.

Асқазан-ішек жолын эндоскоппен тексеру (жалпы принциптер). Эзофагоскопия. Гастродуоденоскопия. Колоноскопия. Ректороманоскопия. Биопсия мен цитологиялық тексерудің диагностикалық маңызы. Асқорыту ағзалары ауруларын ультрадыбыспен зерттеу.

Негізгі клиникалық синдромдар (себептері, симптомдар, олардың механизмі, диагностика әдісі)

1. Асқазан диспепсиясы синдромы.
2. Асқазан және ішек диспепсиясы синдромы.
3. Асқазан-ішектік қан кету синдромы.
4. Сарғаю синдромы.

Бүйрек пен несеп шығару жолдарын тексеру әдістері

Негізгі шағымдар және пайда болу механизмі. Бүйрек және несеп шығару жолдары аурулары кезіндегі ауыру, пайда болу механизмі, сипаты, үдемелілігі, ұзақтығы, иррадиация. Ісінулер, ісіну механизмі, ерекшеліктері. Несеп өндірілудің, несеп шығудың бұзылуы. Бастың аурулары. Диспепсиялық құбылыстар. Қанағыштық, тері қышымасы.

Тексеру. Бүйрек ауруларымен ауыратын науқастардың сыртқы келбеті. Бел аймағының ісіңкілігі мен қызаруы. Ісінудің таралу ерекшелігі мен басқа ісінулерден айырмашылығы. Несепнәрде кристалдың болуы.

Перкуссия. Бүйрек аймағын соққылау әдісі және оның диагностикалық маңызы. Қуықтың жоғарғы шетін перкуторлық анықтау.

Пальпация. Бүйректі тіке және көлденеңінен пальпациялау әдісі.

Бүйрек пен несеп шығару жолдарын тексерудің зертханалық және аспаптық әдістері. Несептің жалпы анализі. Кокрофт-Гаулт, Нечипоренко, Аддис-Каковский сынамасы. Зимницкий бойынша несепті тексеру. Несепнәрді, креатининді анықтау, олардың диагностикалық маңызы.

Бүйректі тексерудің рентгендік әдісі: экскреторлы урография, компьютерлік томография. Бүйрек биопсиясы. Бүйректі ультрадыбыстық тексеру.

Негізгі клиникалық синдромдар (себептері, симптомдар, олардың механизмі, диагностика әдісі).

1. Несептік синдром.
2. Нефриттік синдром.
3. Бүйрек функциясы жеткіліксіздігі синдромы.

Эндокриндік жүйені тексеру әдістері

Негізгі шағымдар және пайда болу механизмі: әлсіздік, жүдеу, семіздік, шөлдеу, тәбет, қызба, жоғары қозғыштық, тері түсінің өзгеруі.

Тексеру. Гипергидроз, гиперпигментация, стрияның болуы. Теріасты май талшығының қалпы (семіздік, семіру түрі, жүдеу). Ісінудің болуы. Экзофтальмның, көзұя аймақтық ісінудің, алақан мен қабақта гиперпигментацияның болуы.

Пальпация. Қалқанша безді пальпациялау. Пальпацияның диагностикалық маңызы. Қалқанша бездің консистенциясын, қозғалғыштығын, көлемін анықтау.

Қантты диабеттің зертханалық диагностикасы, қалқанша бездің гипофункциясы мен гиперфункциясы.

Негізгі клиникалық синдромдар (себептері, синдромдар, олардың механизмі, диагностика әдісі).

1. Гипергликемия синдромы.
2. Қалқанша бездің гипофункция және гиперфункция синдромы.

№2 кредит сабақтарының тақырыптық жоспарының үлгілері

Дәрістердің тақырыптық жоспарының үлгісі

№	Тақырыптары
1.	Асқазан-ішек жолы зақымдануының семиотикасы мен зерттеу әдістері.
2.	Асқазан-ішек жолы ауруларын тексеруде қолданылатын аспаптық және зертханалық әдістердің маңызы.
3.	Несеп шығару жүйесі зақымдануының семиотикасы мен зерттеу әдістері.
4.	Несеп шығару жүйесі ауруларын тексеруде қолданылатын аспаптық және зертханалық әдістердің маңызы.
5.	Эндокриндік жүйе зақымдануының семиотикасы мен зерттеу әдістері.
	Жалпы сағаты: 5

Практикалық сабақтардың тақырыптық жоспарының үлгісі

№	Тақырыптары
1.	Аскорыту ағзалары аурулары кезінде зерттеу әдістері: сұрастыру, тексеру, пальпация, перкуссия, аускультация.
2.	Аскорыту ағзалары аурулары кезіндегі синдромдар: асқазан және ішек диспепсиясы, асқазан-ішектік қан кету, сарғаю.
3.	Бүйрек және несеп шығару жүйесі аурулары кезінде зерттеу әдістері: сұрастыру, тексеру, пальпация, перкуссия.
4.	Бүйрек және несеп шығару жүйесі аурулары кезіндегі синдромдар: несептік, нефротикалық, бүйрек функциясы жеткіліксіздігі.
5.	Эндокриндік жүйе зақымдануының семиотикасы мен зерттеу әдістері.
Жалпы сағаты: 10	

Оқытушының жетекшілігімен студенттердің өзіндік жұмыстары (ОСӨЖ) тақырыптық жоспарының үлгісі

№	Тақырыптары
1.	Ішті пальпациялау, ішке терең пальпация жасаудың диагностикалық маңызы.
2.	АІЖ тексерудің аспаптық әдісі және оның маңызы: ФГДС, колоноскопия, морфологиялық тексеру, ішперде қуысы ағзаларын УДЗ.
3.	Несеп шығару жүйесін тексерудің аспаптық әдісі және олардың маңызы: УДЗ, рентгенологиялық әдістер (урография, цистография), компьютерлік томография, биоптатты морфологиялық тексеру.
4.	Бүйрек функциясының созылмалы жеткіліксіздігінің клиникалық-зертханалық синдромы.
5.	Эндокриндік жүйені зерттеудің зертханалық-аспаптық әдістері және оның маңызы (УДЗ, гормондық бағыттар, т.б.).
Аралық бақылау	
Жалпы сағаты: 15	

Студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ) тақырыптарының үлгісі

№	Тақырыптары
1.	<i>Helicobacter pylori</i> –ді анықтаудың зертханалық-аспаптық әдістері.
2.	Бауыр функциясын зерттеудің зертханалық әдісі.
3.	Бүйрек функциясын зерттеудің зертханалық әдісі.
4.	Көкбауыр перкуссиясы мен пальпациялаудың диагностикалық маңызы.
5.	Қалқанша бездің гиперфункция және гипофункция синдромы.
Жалпы сағаты: 15	

№ 3 КРЕДИТ

Ішкі ағзалардың кең таралған аурулары

Жіті және созылмалы бронхит. Жіті және созылмалы бронхиттер. Анықтамасы. Инфекциялардың, кәсіпорын өндірістерінен шыққан поллютанттардың, темекінің, суықтанудың, кәсіби, эндогенді факторлардың маңызы. Бейімдеуші факторлар. Негізгі клиникалық көріністері. Диагностиканың зертханалық-аспаптық әдістері. Науқастың жеке бас гигиенасы және тыныс алу ағзалары аурулары кезіндегі бөлімдердің санитариялық-гигиеналық тәртібі. Емдеу принциптері.

Бронх демікпесі. Анықтамасы. Эпидемиологиясы және әлеуметтік маңызы. Тұқымқуалаушылық бейімделгіштіктің, инфекциялық емес, инфекциялық, механикалық және химиялық ирританттардың, физикалық және метеорологиялық, нервті-психикалық, стерстік әсерлердің маңызы. Негізгі клиникалық көріністері. Диагностиканың зертханалық-аспаптық әдістері. Пикфлоуметрия. Емдеу принциптері. Емдеудің халықаралық бағдарламалары. «Демікпе-мектебінің» ролі. Бронх демікпесі ұстамасында шұғыл көмек көрсету.

Жіті пневмониялар. Анықтамасы. Инфекциялардың, химиялық, физикалық, аллергиялық факторлардың маңызы. Гипостатикалық, аспирациялық, операциядан кейінгі, жарақаттан кейінгі пневмониялар. Жіті пневмониялар дамуында мұрын-жұтқыншақтың, бронх ағаштарының, иммундық жүйенің жағдайының маңызы. Суықтанудың, стресстердің, алкогольдің, бронхтардың зақымдалуына бейімдеушілердің ролі. Негізгі клиникалық көріністері. Диагностиканың зертханалық-аспаптық әдістері. Емдеу принциптері.

Жүректің ишемиялық ауруы. Атеросклероз. Стенокардия

Жүректің ишемиялық ауруы (ЖИА) туралы түсінік. әлеуметтік маңызы, эпидемиологиясы. Атеросклероздың даму теориясы. ЖИА қауіпті факторлары. Стенокардиялар туралы түсінік. Стенокардиялардың клиникалық варианттары: тұрақты, бірінші рет пайда болған, үдемелі күштемелік стенокардия, варианттық. Тұрақты күштемелік стенокардияның функциональді класстары. Фармакологиялық және күштемелік сынамалардағы ЭКГ ролі. ЖИА емдеу принциптері: гиполипидемиялық заттар, ауырсыну ұстамаларын нитраттармен болдырмау және басу.

ЖИА Миокард инфарктісі. Анықтамасы. Эпидемиологиясы. Ауру басталуының клиникалық варианттары. Миокард инфарктісінің атипті формалары (астмалық, аритмиялық, гастралгиялық, церебральды, моносимптомды). Зертханалық, ферменттік диагностикасы. Қандағы тропониндер, миоглобин. Трансмуральды және интрамуральды миокард инфаркті кезіндегі ЭКГ өзгерістері. Ерте диагностикалау және ауруханаға жатқызу маңызы. Миокард инфарктін емдеу принциптері (режим, диета, ауырсынды басу, антикоагулянттық, антиагреганттық терапия, нитраттар).

Артериалық гипертензия. Анықтамасы. Таралуы. Қауіп факторлары. Артериалық гипертензия дәрежелері бойынша жіктеуі. Нысана ағзаларының зақымдалуы. артериалық гипертензиялар симптомдары туралы түсінік (бүйректік, реноваскулярлы, қан-тамырлық, эндокриндік). Зертханалық-аспапты зерттеу әдістері. Қазіргі кездегі антигипертензивті заттар.

Асқазан және ұлтабардың ойықжара ауруы. Анықтамасы, таралуы, әлеуметтік маңызы. Генетикалық факторлардың, созылмалы гастрит және дуоденит болуының, тамақтану режимін бұзудың, темекінің, алкогольді, стероидты емес қабынуға қарсы заттарды қолданудың, *Helicobacter pylori* маңызы. Асқазан және ұлтабар ойық жара ауруының клиникасы, диагностикасы (эндоскопия, рентгендік зерттеу, *Helicobacter pylori* диагностикасы, гастробиопсия). Жалпы емдеу принциптері. Ойық жара ауруын емдеуінде H_2 - гистамина блокаторларын, H^+ , K^+ , АТФ-азы тежеушілерін, цитопротективті заттарды қолданудың ролі.

Созылмалы холецистит

Созылмалы тассыз холецистит. Инфекцияның, моторика бұзылысының, холелитиаздың маңызы. Негізгі клиникалық көріністері. Зертханалық-аспаптық диагностика. Емдеу принциптері. Өт жолдарының дискинезиясы. Негізгі себептері. Бірінші және екінші реттік дискинезиялар. Дискинезиялардың варианттары (гипер- және гипотониялық). Диагностикасы. Емдеу принциптері.

Созылмалы панкреатит. Алкогольдің, дәрілердің, билиарлы жүйе ауруларының маңызы. Созылмалы панкреатиттің клиникасы, диагностикасы. Зертханалық (қан анализі, ферменттер - амилаза, липаза, трипсин, эластаза), аспапты зерттеу әдістері (УДЗ, компьютерлі томография).

Аурудың өршуін емдеу принциптері: қоздыратын жағдайларды шектеу, ауырсынуды басу, диета, экзо- және эндокриндік жеткіліксіздікті түзету, моториканы реттеу.

Созылмалы гепатиттер және бауыр циррозы. Эпидемиологиясы.

Созылмалы гепатиттердің этиологиясы (вирусты гепатит А, В, С, D; өндірістік зиянкестер, алкоголь, дәрілер). Клиникалық және зертханалық (қабыну, цитоллиз, холестаз, жасушалық жеткіліксіздік, гиперазотемия) синдромдар. Диагностиканың лабораториялық және аспаптық әдістері (биохимиялық көрсеткіштер, имуноферменттік анализ, ПТР, УДЗ, биопсия, компьютерлік томография). Бауыр циррозы. Этиологиясы (вирусты гепатиттер В, С, алкогольдің, уытты және гепатотропты дәрілік заттардың ролі). Негізгі клиникалық көріністері. Зертханалық-аспаптық диагностика. Емдеу принциптері.

Жіті және созылмалы гломерулонефрит

Анықтамасы. Инфекциялық және инфекциялық емес факторлардың маңызы. «Суықтаудың» нефрогендік әсері. Клиникалық түрлері: нефротикалық, гипертониялық, гематуриялық, аралас, жасырын. Созылмалы нефрит кезіндегі зертханалық-аспаптық зерттеу әдістері. Емдеу принциптері: режим, диета,

патогенетикалық (кортикостероидтар, цитостатиктер), этиологиялық, симптомды.

Теміртапшылықты анемия

Анықтамасы. Организмде темірдің тасымалдану жолдары, организмнің тәуліктік темірге қажеттілігі. Негізгі себептері. Клиникалық көрінісі. Теміртапшылықты анемияның зертханалық диагностикасы (жалпы қан анализі, сарысудағы темір, ферритин, трансфериннің темірмен қанығу пайызы, дисфералды тест бойынша темірдің қоры, қан сарысуының жалпы және жасырын темірді байланыстырғыш қабілеті), миелограмма. Емдеу принциптері.

Жіті лейкоз. Лейкоз патогенезінің қазіргі аспектілері. Клиникалық көрінісі. Негізгі клиникалық синдромдары. Қазіргі терапияның мүмкіндіктері, оның негізгі принциптері.

Қантты диабет. Анықтамасы. Этиологиясы. Қантты диабеттің клиникасы. Зертханалық-аспаптық зерттеу әдістерінің және науқастарды оған дайындаудың маңызы. Асқынулар. Кома кезіндегі шұғыл көмек. Емдеу принциптері, инсулинотерапия. Диетотерапияның сипаты. Профилактика. Диабет алды туралы түсінік. Диабетпен ауыратын науқастар мектебі.

Гипертиреоз. Этиологиясы, патогенезі. Клиникалық көрінісі. Диагностикасы. Емдеу принциптері.

Гипотиреоз. Этиологиясы, патогенезі. Клиникалық көрінісі. Диагностикасы. Емдеу принциптері.

Ревматизмді артрит. Аутоиммунды және генетикалық факторлардың аурудың туындауындағы ролі. Клиникалық көрінісі. Диагностика әдістері. Емдеу принциптері.

Остеоартроз. Этиологиясы, патогенезі. Клиникалық көрінісі. Диагностикалық критерийлері. Емдеу принциптері.

№3 кредит сабақтарының тақырыптық жоспарының үлгілері

Дәрістердің тақырыптық жоспарының үлгісі

№	Тақырыптары
1	Пневмония.
2	Артериялық гипертония.
3	Созылмалы гепатит және бауыр циррозы.
4	Анемия.
5	Қантты диабет.
	Жалпы сағаты: 5

Практикалық сабақтардың тақырыптық жоспарының үлгісі

№	Тақырыптары
1.	Жіті пневмониялар.
2.	ЖИА. Миокард инфарктісі, стенокардия.
3.	Артериялық гипертония.
4.	Асқазан мен ұлтабардың ойықжара ауруы.
5.	Созылмалы холецистит. Созылмалы панкреатит.
	Жалпы сағаты: 10

Оқытушының жетекшілігімен студенттердің өзіндік жұмыстары (ОСӨЖ) тақырыптық жоспарының үлгісі

№	Тақырыптары
1.	Бронх демікпесі. Ұстама кезіндегі шұғыл жәрдем.
2.	Жіті ревматизмдік қызба. Жүректің созылмалы ревматизмдік ауруы.
3.	Жүрек функциясы жеткіліксіздігі: жіті және созылмалы. Шұғыл жәрдем.
4.	Созылмалы гепатит және бауыр циррозы.
5.	Қантты диабет.
	Аралық бақылау
	Жалпы сағаты: 15

Студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ) тақырыптарының үлгісі

№	Тақырыптары
1.	Гастроэзофагальді рефлюксты ауру.
2.	Жіті лейкоз.
3.	Теміртапшылықты анемия.
4.	Гломерулонефриттер.
5.	Ревматизмді артрит. Остеоартроз.
	Жалпы сағаты: 15

Ескерту:

* - пәннің мазмұны 20 %-ға дейін ЖОО-мен өзгертілуі мүмкін.

** - ЖОО дәріс, практикалық сабақ, ОСӨЖ, СӨЖ тақырыптарының 40%-ын өзгерте алады.

4 ОҚУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

- **Дәрістер:** шолулы-көрнекті, мәселелік.
- **Практикалық сабақтар:** науқастарды курациялау; муляждармен, манекендермен, науқас төсегі маңында жұмыс істеу, ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шешу; шағын топтарда жұмыс істеу; жағдайларды модельдеу; 1-2 клиникалық жағдайларды талдау және талқылау, аралас

пәндермен интеграциялау, рентгенограммаларды, электрокардиограмма ларды, спирограммаларды көрсету.

- **Оқытушының жетекшілігімен студенттердің өзіндік жұмысы (ОСӨЖ):** өтілген практикалық сабақтар тақырыптарының жеке сұрақтарын муляждарда, манекендерде, науқас төсегі маңында жұмыс істеу, ауру тарихын қорғау арқылы сабақты өту, терең оқыту; перентацияларды, рефераттарды, пікір таласуларды дайындау, медициналық құжаттарды толтыру, жеке және топтық тапсырмаларды орындауда пайда болған сұрақтар бойынша оқытушыдан консультация алу, аралық бақылау жүргізу.
- **Студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ):** студенттердің оқулық және қосымша әдебиеттермен, электрондық тасымалдаушы әдебиеттермен жұмыс істеуі; тест тапсырмаларын шешу және дайындау, науқастарды курациялау, жағдайлық есептерді шешу және дайындау, конференцияларда баяндама жасау.

5 СТУДЕНТТІҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ

- **Ағымдық бақылау:** тестілеу, жазбаша/ауызша сұрастыру, жағдайлық есептерді шешу, кіші топтарда жұмыс істеу кезінде өз-өздерін және топтық бағалау, науқас төсегінде практикалық дағдыларды бағалау.
- **Аралық бақылау:** тестілеу.
- **Қорытынды бақылау:** емтихан (кіші клиникалық), ауызша сұхбаттасу/жазбаша, тестілеу және науқас төсегінде практикалық дағдыларды түсіндіру енеді.

6 ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

- дыбысты күшейтуші аппаратурамен, экранның биіктігі бойынша реттелетін видеофильмдерді көрсетуге арналған мультимедиялық, видеоаппаратуралық құрылымдармен, слайдаскоптармен, негатоскоппен дәрістік аудиториялар; қазіргі жағдайда студенттерді қамтамасыз етуге арналған клиникалық базалар, фантомды немесе имитациялық класстар (оқу-клиникалық орталық); жеке компьютерлер, ноутбуктер, видеоаппаратуралар, оқытатын компьютерлік бағдарламалар.
- көрнекті материалдар, оқу видеофильмдері, слайдтар; берілетін материалдардың тақырыптық жиынтығы; шұғыл көмек көрсету шараларын үйренуге арналған фантомдар, муляждар, манекендер; электронды оқулықтар.

7 ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕРДІҢ ТІЗІМІ*

Орыс тіліндегі

негізгі:

1. Мухин Н.А. Пропедевтика внутренних болезней:
Учебник для вузов / Н.А.Мухин, В.С.Моисеев.-М.:ГЭОТАР-МЕД, 2004.
2. Внутренние болезни. В 2 т.: Учебник для вузов /Под ред. А.И. Мартынова, Н.А.Мухина, В.С.Моисеева, А.С. Галявичи.-М.:ГЭОТАР-МЕД., Т. 2.-2002.
3. Внутренние болезни: Учебник в 2-х т./ Под ред. А.И.Мартынова, Н.А.Мухина, В.С.Моисеева.-М.:ГЭОТАР- МЕД., .-2004.
4. А.Л. Гребенев. Пропедевтика внутренних болезней.- М.: Медицина.-2002.

қосымша:

1. Палеев Н.П. Болезни органов дыхания. - М. : Медицина, 2000.
2. Григорьев П.Я., Яковенко Э.П. Клиническая гастроэнтерология. - М., 2001.
3. Окорочков А.Н.. Диагностика болезней внутренних органов:
4. Руководство/А.Н.Окорочков.-М.:Мед. лит. Т. 3:Диагностика болезней органов дыхания.- 2000.
5. Окорочков А.Н. Диагностика болезней внутренних органов: Руководство /А.Н.Окорочков.-М.:Мед. лит. Т.5:Диагностика болезней системы крови. Диагностика болезней почек.-2002.
6. Окорочков А.Н. Диагностика болезней внутренних органов: Руководство/А.Н.Окорочков.-М.:Мед. лит. Т.1:Диагностика болезней органов пищеварения.- 2002.
7. Окорочков А.Н.. Диагностика болезней внутренних органов: Руководство/А.Н.Окорочков.-М.:Мед. лит. Т. 2:Диагностика ревматических и системных заболеваний соединительной ткани. Диагностика эндокринных заболеваний.- 2003.
8. Окорочков А.Н. Диагностика болезней внутренних органов: Руководство/А.Н.Окорочков.-М.:Мед. лит. Т.
- 9: Диагностика болезней сердца и сосудов.- 2005.

Ескерту: * - әдебиеттердің тізімі жыл сайын жаңартылуы мүмкін.

АВТОРЛАР

1. Тайжанова Д.Ж.— Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің №1 ішкі аурулар дерматовенерология курсының кафедра меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор.
2. Молотов-Лучанский В.Б. — Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің дәрігерге дейін дайындық кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, доцент.
3. Гусеинова З.К.- Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің №1 ішкі аурулар дерматовенерология курсы кафедрасының доценті, медицина ғылымдарының кандидаты.
4. Ткачев В.А.- «Астана медицина университеті» АҚ ішкі аурулар пропедевтикасы кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының кандидаты, доцент.
5. Карсақбаева Л.Ж. — Медицина білімі мен ғылымының инновациялық технологиялар Республикалық орталығы директорының орынбасары, медицина ғылымдарының кандидаты.
6. Дербисалина Г.А. — «Астана медицина университеті» АҚ №1 жалпы дәрігерлік практика кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының кандидаты, доцент.
7. Смагулова Г.А. — М.Оспанов атындағы Батыс-Қазақстан мемлекеттік медицина университетінің клиникалық фармакология курсымен ішкі аурулар пропедевтикасы кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының кандидаты, доцент.
8. Векленко Г.В. — М.Оспанов атындағы Батыс-Қазақстан мемлекеттік медицина университетінің клиникалық фармакология курсымен ішкі аурулар пропедевтикасы кафедрасының доценті, медицина ғылымдарының кандидаты.
9. Каркабаева А.Д. — «Астана медицина университеті» АҚ клиникаға кіріспе кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор.
10. Ахметов К.Ж. — М.Оспанов атындағы Батыс-Қазақстан мемлекеттік медицина университетінің клиникалық фармакология курсымен ішкі аурулар пропедевтикасы кафедрасының профессоры, медицина ғылымдарының докторы, профессор.

ТИПОВАЯ УЧЕБНАЯ ПРОГРАММА

БАКАЛАВРИАТ

ВВЕДЕНИЕ В КЛИНИЧЕСКУЮ МЕДИЦИНУ

По специальности: 5В110400 - «Медико-профилактическое дело»

Объем часов – 135 (3 кредита)

Министерство здравоохранения Республики Казахстан

Астана 2011

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 РАЗРАБОТАНА И ВНЕСЕНА** «Республиканский центр инновационных технологий медицинского образования и науки», Казахским национальным медицинским университетом им. С.Д. Асфендиярова, АО «Медицинский университет Астана», Карагандинским государственным медицинским университетом, Западно-Казахстанским государственным медицинским университетом им. М.Оспанова, Государственным медицинским университетом г. Семей, Южно-Казахстанской государственной фармацевтической академией.
- 2 ВВЕДЕНА впервые**
- 3 Типовая учебная программа** разработана в соответствии с государственным общеобязательным стандартом образования Республики Казахстан 2009 г. по специальности 5В110400 - «Медико-профилактическое дело»
- 4 Типовая учебная программа** утверждена и рекомендована к изданию приказом Министра здравоохранения РК №734 от 26 октября 2011 г.

СОДЕРЖАНИЕ

1.	Пояснительная записка.....	26
2.	Распределение часов дисциплины.....	28
3.	Содержание дисциплины и примерные тематические планы лекций, практических занятий, СРСП, СРС	28
4.	Методы обучения и преподавания.....	40
5.	Оценка знаний.....	41
6.	Оборудование и оснащение.....	41
7.	Список рекомендуемой литературы.....	42

Настоящая типовая программа не может быть тиражирована и распространена без разрешения Министерства здравоохранения Республики Казахстан.

1 ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

